

**"Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін беру, жоғарылату, растау, төмендету және алып тастау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 40 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 181 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 17 сәуірде № 15017 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 208 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.03.2018 № 208 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін беру, жоғарылату, растау, төмендету және алып тастау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 40 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10336 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 17 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Осы бұйрықпен бекітілген Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне сыныптық біліктілігін беру, жоғарылату, растау, төмендету және алып тастау қағидаларында:

3-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"І сыныпты маман-тәлімгер (шебер)" - "І сыныпты маман" сыныптық біліктілігі және құқық қорғау қызметінде мамандығы бойынша кемінде сегіз жыл жұмыс өтілі (тәжірибесі) бар, жас мамандарға, жаңадан тағайындалғандар қатарындағы қызметкерлерге тәлімгерлікті жүзеге асыратын, сондай-ақ осы Қағидалардың 32-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкес кәсіби, қызметтік және дене шынықтыру даярлығының барлық түрлері бойынша шекті нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлерге.";

58-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"I сыныпты маман – тәлімгер (шебер)" - "I сыныпты маман" сыныптық біліктілігі бар және құқық қорғау қызметіндегі мамандығы бойынша жұмыс өтілі (тәжірибесі) сегіз жылдан кем емес, жас мамандарға, жаңадан тағайындалғандар қатарындағы қызметкерлерге тәлімгерлікті жүзеге асыратын, сондай-ақ осы Қағидалардың 86-тармағындағы өлшемшарттарға сәйкес шекті нәтижелерге қол жеткізген қызметкерлерге.";

1-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2-қосымшада:

жақын мамандықтары бойынша ІІО лауазымдарының тізбесінде:

1-тармақтың 7) және 8) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ұйымдастырушылық-аналитикалық жұмыс бөліністері, бақылау, кадр жұмысы бөлімдері, штаб, арнайы даярлық бөліністері;

8) арнайы даярлық, жедел жоспарлау және арнайы мақсаттағы бөліністер;".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оның көшірмелерін мемлекеттік және орыс тілдерінде баспа және электрондық түрде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді басылымдарда ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Кадр жұмысы департаментіне (А.Ү. Әбдіғалиев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*  
*полиция генерал-полковнигі*

*Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің

2017 жылғы 13 наурыздағы  
 № 181 бұйрығына қосымша  
 Ішкі істер органдарының  
 қызметкерлері мен әскери  
 қызметшілерінің сыныптық  
 біліктілігін беру, жоғарылату,  
 растау, төмендету және алып  
 тастау қағидаларының  
 1-қосымшасы  
 Нысан

## Ішкі істер органдарында мамандықтарды белгілейтін блоктар бойынша лауазымдардың тізбесі

Жедел-іздістіру қызметі	Тергеу және жедел-криминалистикалық қызмет	Әкімшілік қызмет	Ақпараттық-техникалық қызмет	Қаржы қызметі
Жедел бөліністердің барлық лауазымдары	Тергеу, жедел-криминалистикалық, әскери-тергеу, анықтау бөліністерінің барлық лауазымдары	Штабтық бөліністердің, кадр аппараттарының, екінші арнайы, арнайы даярлық бөліністерінің барлық лауазымдары	Ақпараттық-аналитикалық, техникалық қызметтердің барлық лауазымдары	Қаржымен қамтамасыз ету және ішкі бақылау бөліністерінің барлық лауазымдары
Қоғамдық тәртіпті сақтау	Арнайы мақсаттағы бөліністер	Білім беру қызметі	Кинологиялық қызмет	Қылмыстық-атқару қызметі
Әкімшілік, көші-қон полициясы, білім беру ұйымдарының оқу-саптық бөліністерінің барлық лауазымдары	"Сұңқар" АМЖ, "Арлан" АМБ, "ЖҚАЖ" бөліністерінің барлық лауазымдары	Білім беру ұйымдарының ғылыми-оқытушылық құрамы	Кинологиялық қызмет бөліністерінің лауазымдары	Қылмыстық-атқару жүйесі бөліністерінің лауазымдары